

Акционерлік қоғамдардың бірігуі (қосылуы) жайлы шарт жобаларын монополияға қарсы органдармен келісу тәртібінің Ережесін бекіту туралы

Қаулы Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті 1996 жылғы 29 шілде N 6/94 Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 29 қарашада N 224 тіркелді

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылдың 6 қыркүйегіндегі нөмірі 999 Р940999_ Қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасының баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі Мемлекеттік комитетінің" Ережесіне сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар "Шаруашылық серіктестіктері туралы" U952255_ Жарлығының 72

бабының орындалуына сай Қазақстан Республикасының баға және монополияға қарсы саясаты жөніндегі мемлекеттік комитетінің алқасы қаулы етеді:

1. Акционерлік қоғамдардың монополияға қарсы органдармен бірігуі (қосылуы) туралы шарт жобаларын келісу тәртібінің Ережесі бекітілсін.
2. Қаулының орындалуын қадағалау Төрағаның орынбасары С.Жүрсімбаевқа жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы Баға және
монополияға қарсы саясат жөніндегі
мемлекеттік комитетінің
1996 жылғы 29 шілде
N 6/94 қаулысымен бекітілген

Акционерлік қоғамдарды қосу (біріктіру) жөніндегі
шарттардың жобаларын монополияға қарсы органдармен
келісудің тәртібі туралы
Ереже

1. Бұл ереже "Бәсекелестікті дамыту және монополиялық қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы мен "Шаруашылық серіктестіктері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 73 бабының

негізінде әзірленді және Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның облыстық комитеттеріне акционерлік қоғамдарды қосу (біріктіру) туралы шарттардың жобаларын тапсырудың тәртібін анықтайды.

2. Осы Ереженің мақсаттары үшін төмендегідей ұғымдар пайдаланылады:
акционерлік қоғамдарды қосу - акционерлік қоғамдардың мүлкін біріктіру және баланстарын шоғырландырып, кейіннен қосылған қоғамдардың акцияларын қосылу кезінде қайтадан құрылған бір қоғамның акцияларымен алмастыру жолымен оларды қайта ұйымдастыру. Қосылу кезінде қосылуға тартылған акционерлік қоғамдардың әрқайсысының құқықтары мен міндеттері алыс-беріс актісіне сәйкес қайтадан пайда болған акционерлік қоғамға ауысады;

акционерлік қоғамдарды біріктіру - акционерлік қоғамды екінші бір акционерлік қоғамға қосу арқылы қайта құру, бұл орайда алыс-беріс актісіне сәйкес қосылған акционерлік қоғамның құқықтары мен міндеттері соңғысына ауысады;

Монополияға қарсы орган - Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның Алматы қаласы мен облыстар бойынша комитеттері;

уәкілдік берілген (сенім білдірілген) өкіл-өтініш білдірген адамдардың атынан және солардың мүдделері үшін Монополияға қарсы органмен арадағы қарым-қатынастарды іс-қимыл жасауға уәкілдік берілген адам.

3. Акционерлік қоғамдарды қосу (біріктіру) туралы жобаны келісу туралы өтініш монополияға қарсы органдарға еркін түрде, қосылуға тартылатын барлық акционерлік қоғамдардың атқарушы органдардың бірінші басшыларының қолдарымен беріледі. Өтініштің мәтінінде: акционерлік қоғамдардың (қосылған, біріккен) атауы, қосылатын (бірігетін) акционерлік қоғамдардың толық атаулары мен мекен-жайлары, қосылу (бірігу) нәтижесінде құрылатын заңды тұлғаның болжамды атауы, уәкілдік берілген өкілдің тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс орны мен лауазымы, оның мекен-жайлары мен телефондары көрсетіледі. Өтінішке:

- акционерлік қоғамдарды қосу (біріктіру) туралы келісімнің жобасы;
- қосу (бірігу) жобасын мақұлдау туралы шешіммен бірге қосылуға (бірігуге) тартылатын барлық акционерлік қоғамдардың байқаушы кеңестері жиналыстарының хаттамалары;

- қосылуға (бірігуге) тартылатын барлық заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелімі туралы куәліктің көшірмесі;

- егер қосылуға тартылушы акционерлік қоғам мемлекеттік органның шешімі бойынша құрылған болса, оның құрылуы туралы шешімнің (қаулының, өкімнің, бұйрықтың) көшірмесі;

- қосылуға (бірігуге) тартылатын барлық акционерлік қоғамдардың құрылтай құжаттарының (жарғы, құрылтай шарты) көшірмелері мен жаңадан құрылатын

акционерлік қоғамның құрылтай құжаттарының жобалары;

- кәсіпорындардың өтініш беру уақытындағы баланстары (ОКУД бойынша N 1 нысан) мен қосылуға (бірігуге) тартылатын барлық акционерлік қоғамдардың қаржылық қызметінің қорытындылары туралы есептердің (ОКУД бойынша N 2 нысан) көшірмелері;

- қосылуға (бірігуге) тартылатын акционерлік қоғамдардың әрқайсысының құқықтар мен міндеттерді алыс-беріс актілерінің жобалары қоса тіркеледі.

4. Акционерлік қоғамдарды қосуға (біріктіруге) келісім алу үшін осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа жазбаша нысанда ерікті түрде төмендегідей ақпарат беру қажет, ол:

- акционерлік қоғамдарды қосудың (біріктірудің) мақсаттарын негіздеу;

- қосылуға (бірігуге) тартылатын және жаңадан құрылатын акционерлік қоғамдардың ұйымдық құрылымы;

- басқа коммерциялық ұйымдарға қатысу (соның ішінде құрылтайшы болып) туралы мағлұматтар;

қосылуға (бірігуге) тартылатын және жаңадан құрылатын акционерлік қоғамдардың әрқайсысының акционерлік капиталы мен мүлкінің құрылымы туралы мағлұматтар;

- қосылуға (бірігуге) тартылатын және жаңадан пайда болған акционерлік қоғамдардың қызмет түрі және республикалық және сыртқы сауда рыноктарына шығаратын өнімдерінің (қызметінің) негізгі түрлері туралы мағлұматтар, соның ішінде:

Қазақстан Республикасына әкелінетін және экспортталатын өнімдердің (тауарлардың, қызметтің) заттай және құндық өлшемдерінің көлемі, сонымен қоса аса ірі бес сатып алушымен олардың алыс-беріс көлеміндегі үлестері көрсетілуі тиіс;

Қазақстан Республикасының аумағында ұқсас тауарлар (қызмет) өндірістің басқа дәрі өндірушілердің (рыноқтағы үлестері 35 процентінен асатын) орналасқаны туралы мағлұматтар.

5. Осы Ереженің 3, 4 тармақтарындағы тізбе бойынша барлық құжаттар немесе ақпарат тапсырылғанша немесе өтініш иесі үшін жоғарыда айтылған ақпаратты алу мүмкін еместігін түсіндіретін себептер көрсетілгенше өтініш толық деп есептелмейді және оны монополияға қарсы орган қарауға қабылдамайды.

Осы Ереженің 3, 4-тармақтарындағы тізбе бойынша құжаттарымен ақпарат олардың берілмеу себептері көрсетілмей толық көлемінде тапсырылмаған жағдайда монополияға қарсы органдар олар алынған күннен бастап 10 күн мерзім ішінде өтініш иелерінің өтініші қарауға қабылданбайтынын оларға жазбаша хабарлайды.

6. Өтініштер мен қоса тіркелген құжаттардағы (ақпараттағы) шешім қабылдау үшін маңызы бар фактілердің өзгеруін өтініш иесі жазбаша түрде дереу арада монополияға қарсы органдардың назарына жеткізеді. Мұндай жағдайларда монополияға қарсы органдарды өзгерістер туралы ақпарат алған күні өтініш қолға тиген күн деп есептеледі

Орын алған өзгерістердің монополияға қарсы органдарға қабылданбауы дұрыс емес ақпарат беру болып бағалануы мүмкін.

7. 3 және 4 тармақтарда айтылған құжаттарға мағлұматтардан басқа монополияға қарсы органдар "Бәсекелестікті дамыту және монополиялық қызметті шектеу туралы" Заңның 15-бабына сәйкес қосылуға (бірігуге) тартылатын акционерлік қоғамдардың қызметі туралы кез-келген қосымша ақпарат сұрауға құқылы.

8. Монополияға қарсы органдардың талап ету бойынша мерзімінде құжаттармен ақпаратты бермеу немесе көпе-көрінеу дұрыс емес немесе жалған мағлұматтар беру "Бәсекелестікті дамыту және монополиялық қызметті шектеу туралы" Заңның 19-бабында көзделгендей жауапкершілікке әкеп соқтырады.

9. Өтініш иесі өтініштерді:

жаңадан пайда болған заңды тұлғаның тұрғылықты орны, өзіне екінші бір заңды тұлға бірігетін жағдайда қайта құрылатын заңды тұлғаның тұрғылықты орны бойынша тиісті облыстық комитетке береді;

бұл орайда қосылатын (бірігетін) акционерлік қоғамдардың жиынтылық жарғылық қоры 100 мың ең аз есеп айырысу көрсеткіштерінен аспайтын болу тиіс;

Қазақстан Республикасының баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетіне береді, бұл орайда қосылатын (бірігетін) акционерлік қоғамдардың жиынтық жарғылық қоры 100 мың ең аз есеп айырысу көрсеткіштерінен артық болу және (немесе) қосылуға (бірігуге) шетелдік инвестициялары бар акционерлік қоғамдар жататын болу тиіс.

10. Қазақстан Республикасының баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті өтініш иесінен өтініш алынған соң 7 күн мерзім ішінде оны қарау жөніндегі өкілеттікті тиісті облыстық комитетке беріп, аталған мерзім ішінде уәкілдік берілген адамды жазбаша хабардар ете алады.

11. Кейбір жағдайларда Қазақстан Республикасының баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті өзінің қарауына, соның ішінде облыстық комитеттің өтініш білдіру бойынша, облыстық комитеттерге жіберілуге жататын өтініштерді қабылдау мүмкін. Бұл орайда республикалық монополияға қарсы комитет өтініш иесінен өтінішті алысымен 7 күн мерзім ішінде өтінішті өзінің қарауына қабылдағаны туралы тиісті облыстық комитетке хабарлайды. Облыстық комитетке хат арқылы, факспен, электр почтасымен, телефонограммамен хабар берілуі мүмкін.

12. Осы Ереженің 9, 10-тармақтарында белгіленген тәртіп бойынша өздеріне жіберілуге жатпайтын, өтініш иесінен келіп түскен өтініштерді қарауға облыстық комитеттің құқығы жоқ.

13. Акционерлік қоғамдарды қосудың (біріктірудің) келісуге ұсынылған жобасы монополияға қарсы орган өтініш берілген күннен бастап 30 күн мерзім ішінде қарауы керек. Айрықша жағдайларда қаралу мерзімі Монополияға қарсы органның

Төрағасының бұйрығымен 45 күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

14. Монополияға қарсы органның шешімі қосылу (бірігу) жобасына Монополияға қарсы комитеттің Қорытындысы нысанында жазбаша түрде уәкілдік берілген өкілге ж е т к і з і л е д і .

15. Монополияға қарсы органның теріс қорытындысы дәлелденуі тиіс.

Қосылу (бірігу) туралы Монополияға қарсы органдарға өтініш жіберілген сәттен бастап 45 күннен мерзім ішінде жауап алынбаса, не келісім беруден бас тартылып, оның себептерін өтініш иесі негізсіз деп тапса, мұндай жағдайда ол берілген келісімді тану туралы (егер жауап алынбаған болса), не бас тартуды негізсіз деп тану туралы с о т қ а ж ү г і н у г е қ ұ қ ы л ы .

16. Акционерлік қоғамдарды қосуға (біріктіруге) келісім туралы не дәлелді себептермен одан бас тарту туралы Монополияға қарсы органның қорытындысының көшірмесі ол берілген күннен бастап бес күн ішінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен оның жергілікті жерлердегі органдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі мемлекеттік комиссиясына жіберіледі.

17. Акционерлік қоғамдарды қосуға (біріктіруге) Монополияға қарсы органның келісімінің болмауы мәмілені заңда белгіленген тәртіппен жарамсыз деп тану үшін н е г і з б о л ы п т а б ы л а д ы .